

**Риддер қалалық мәслихатының 2015 жылғы 16 ақпандағы № 31/2-V "Тұрғын үй көмегінің мөлшерін айқындау және оны көрсету тәртібі туралы Қағидаларды бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2019 жылғы 25 қазандағы № 36/3-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 20 қарашада № 6289 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2024 жылғы 28 мамырдағы № 14/8-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 28.05.2024 № 14/8-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы шешімнің қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын-үй қатынастары туралы" Заңның 97 бабына сәйкес, Риддер қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Риддер қалалық мәслихатының 2015 жылғы 16 ақпандағы № 31/2-V "Тұрғын үй көмегінің мөлшерін айқындау және оны көрсету тәртібі туралы Қағидаларды бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3716 тіркелген, 2015 жылғы 20 наурыздағы № 12 "Лениногорская правда" газетіне жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері және тәртібі туралы Қағидасында:

2-тармақтың 1) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"1) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға;"

3-тармақтың бірінші және екінші абзацтары келесі редакцияда жазылсын:

"3. Тұрғын үй көмегі аталған жерлерде тұрақты тұратын адамдарға кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар сметасына сәйкес жеткізушілер ұсынған кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу шоттары мен ай сайынғы жарналардың шоттары бойынша бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

Коммуналдық қызметтерді жеткізушілер "Риддер қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесін коммуналдық қызметтерге тарифтер туралы ақпараттандырады.";

4-тармақтың 1) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);";

5-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"5. Отбасы (азамат) (не нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін тоқсан сайын бір рет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы №2314 Қаулысымен бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету ережесінің 4 тармағына сәйкес қосымша құжаттармен Мемлекеттік корпорацияға және/немесе "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы өтініш береді.

Осы тармақта көзделмеген құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Отбасы (азамат) (не нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) қайта өтініш берген кезде осы Ереженің 5-3 - тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, отбасының табыстарын растайтын құжаттарды және коммуналдық шығыстарға арналған шоттарын ғана ұсынады.";

7-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"7. Тұрғын үй көмегі ағымдағы тоқсанға тағайындалады. Өтініш тоқсан ағымында қабылданады. Отбасының табыстары туралы анықтамалар, коммуналдық қызметтердің, байланыс қызметтерінің ақысын төлеу туралы, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға шығындар туралы түбіртектер жүгіну тоқсанының алдындағы тоқсанға ұсынылады. Алдыңғы тоқсанға коммуналдық қызметтерді төлемеген немесе жартылай төлеген жағдайда тұрғын үй көмегі отбасыға тағайындалмайды.";

12-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"12. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, электр жүйесімен, газбен қамтамасыз етуге, лифттерге қызмет көрсетуге арналған шығыстар өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанға орта есеппен ескеріледі. Сумен қамтамасыз ету, су бұру, жылу энергиясы, қатты тұрмыстық қалдықтарды

шығару, телекоммуникация қызметтері үшін шығыстар қызмет көрсетушілердің тарифтері бойынша ескеріледі.";

21-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"21. Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.";

22-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"22. Отбасының шекті жол берілетін шығыстарының үлесі отбасының жиынтық табысына қарай 7 % мөлшерінде белгіленеді.".

2. Осы шешім, 2020 жылғы 01 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін жиырма және жиырма бір абзацтарды қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы, қалалық мәслихаттың хатшысы*

*И. Панченко*